ЖШС «Нұр-Тілек»бөбекжай-балабақшасы

# «Рухани жаңғыру»

## Бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шара

**Тақырыбы:** «Ана — біздің күніміз, Біз – ананың гүліміз»

(ересек,ортаңғы,кіші тобы)

Өткізген:Топ тәрбиешілері

Ембергенова.А.Т

Дүзбаева.Т.С

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Ана — біздің күніміз, Біз – ананың гүліміз»

**Мақсаты:**
-мерекелік көңіл-күйін құру;
-ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;
-балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру;
-өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

**Жүргізуші:**Сәлеметсіздерме қадірлі де құрметті қонақтар,аяулы аналар, асыл әжелер, қызғалдақ қыздар. Көңілдеріңізге көктем шуағындай, сезім мен нұр құйып **8-наурыз** халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осынау көктем мерекесінің қай кезде де орны бөлек. Өйткені аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Себебі, ана өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Ендеше көктемнің алғашқы күндеріне арналған **«Бәйтерек»** ортаңғы тобының бүлдіршіндерінің дайындаған **«Ана — біздің күніміз, Біз – ананың гүліміз»** атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

**Бүгін Наурыздың сегізі**
**Сұлулықтың негізі**
**Әдемі сөз адамның**
**Анаға айтар лебізі**

**Армысын әжелерім аналарым**
**Мейірбан аппақ көңіл даналарым**
**Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен**
**Құттықтайды Сіздерді балаларын**

*Музыка әуенімен,хор*
***хор: Ана деп ән салам***

**Жүргізуші:**
- Балалар, әлемдегі ең жақсы, ең мейірімді , ең жүрегі жұмсақ кім екен?

**Балалар:**
- Аяулы анамыз!

**Жүргізуші:**

**Жүрегіме жыр шашып,**
**Нұр төгетін Сіз екен.**
**Құтты болсын анашым,**
**Құтты болсын мерекең!**

**Жүргізуші:**
- Ой, балалар, тыңдаңдаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен?

(Әуенмен залға Көктем аруы кіреді)

**Көктем:**Сәлеметсіз бе, қонақтар! Айнала қандай тамаша! Балалар бүгін бәрің әдемі киініп алыпсыңдар ғой. Міне мен сендерге асыға жеттім келе жатқан көктем мерекелерін құтты болсын.

Сәлем бердім нәзік, сұлу қыздарға,
Сәлем бердім ержүрек бар ұлдарға.
Кездесуге асықтым мен сіздермен,
Биленсін би, айтылсын ән бұл залда.
Көктеммін мен
Мерекемен құттықтағым келеді.
Ақ әжелер, аяулы бар аналар,
Мерекеміз құтты болсын балалар!

**Жүргізуші:**

- Сәлеметсің бе, Көктем! Сен біздің аналарымыз бен қыздарымызды және әжелерімізді 8 наурыз мерекесімен құттықтауға асығып жетіпсің. Көп рахмет саған! Балалармыздың тақпақтарына кезек берейік

**1.Айдай,Аяаулым.Ш,Айнабек,Ержан,Айсұлтан.Т,Шерхан.**

**Жүргізуші:**
Тек қана Сіздер үшін **би ұлдармыздың орындауында:Қызыл раушан**

**Ата-аналармен ойын «Балалықты еске алайық!»**

**Жүргізуші:** - «Аналарымызға арнап балалар тақпақтарын айтып берсін

**1.Айзере,Айерке,Айбар,Көзайым,Сайда,Айша,Хамза.Ж.**

**Жүргізуші: Би:Балалармызбен қыздармыздың орындауында:Құрдастар биі**

**Жүргізуші:**

- Ал біздің балалармыз әжелері мен аналарына арнап жүрек жарды ән шумақтарын қабыл алыныздар.
- **Жүргізуші:** Осымен біздің Ортаңғы «Бәйтерек» тобының **«Ана — біздің күніміз, Біз – ананың гүліміз» атты** ертеңгілігі аяқталды,

Қымбатты да аяулы аналар мен әжелер!
Мерекелеріңіз құтты болсын!
Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздерсіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық!

